

## Азаматтық мәселелер жөніндегі комиссияны құру туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1996 жылғы 18 маусымдағы N 3039. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 10 қазандағы N 198 Жарлығымен

*Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 10 қазандағы N 198 Жарлығымен .*

Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабының 20-тармақшасына сәйкес қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасының азаматтығына және шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасында саяси баспана беруге байланысты мәселелерді алдын ала қарау және ұсыныстар әзірлеу үшін Қазақстан Республикасының Президенті жанынан консультативтік-кеңесші орган - Азаматтық мәселелері жөніндегі комиссия құрылсын.

2. Азаматтық мәселелері жөніндегі комиссия мынадай құрамда бекітілсін:

### **Комиссия төрағасы**

Әбдікәрімов Оралбай - Қазақстан Республикасының  
Мемлекеттік хатшысы, төраға,

### **Комиссия төрағасының орынбасары**

Әбілхатаев - Қазақстан Республикасы Президенті  
Марат Кәрімұлы Әкімшілігінің Құқық қорғау мен сот  
жүйелері мәселелері бөлімінің  
меңгерушісі, төрағаның орынбасары

### **Комиссия мүшелері:**

Шер - Қазақстан Республикасы Білім және  
Раиса Петровна ғылым министрлігінің басқарма  
бастығы

Избанов Мұхит - Қазақстан Республикасының  
Кәрімұлы Көші-қон және демография жөніндегі  
агенттігі төрағасының орынбасары

Жолшыбеков - Қазақстан Республикасы Парламенті  
Әмзбек Рысбекұлы Мәжілісінің депутаты

(келісім бойынша)

Серік Байсейітұлы

- Қазақстан Республикасы Парламенті Ақылбай  
Сенатының депутаты (келісім  
б о й ы н ш а )

*Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 1997.02.07. N 3349 ,  
2000.02.11. N 336 , 2001.11.07. N 719 ,  
2002.02.19. N 808 , 2003.04.04. N 1064 , 2004.12.15. N 1504 , 2006.03.28. N 76  
Жарлықтарымен.*

3. Азаматтық мәселелері жөніндегі комиссия құрамына, сондай-ақ лауазымы бойынша Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі, Қазақстан Республикасының Әділет министрі, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі, ал олар орнында болмаған жағдайда осы республикалық органдар басшыларының о р ы н б а с а р л а р ы к і р е д і .

*Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 2006.03.28. N 76  
Жарлығымен.*

4. Азаматтық мәселелері жөніндегі комиссияның жұмыс органы Комиссия мен Қазақстан Республикасы Президентінің қарауы үшін азаматтық және саяси баспана беру мәселелері жөніндегі қажетті материалдарды даярлауды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Құқық қорғау мен сот жүйелері мәселелері бөлімі болып табылады деп белгіленсін.

*Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 1997.02.07. N 3349 ,  
2004.12.15. N 1504 , 2006.03.28. N 76 Жарлықтарымен.*

5. "Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Азаматтық мәселелері жөніндегі комиссияның құрамын өзгерту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 8 шілдедегі N 1789 қаулысының және "Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Азаматтық мәселелері жөніндегі комиссияның құрамын өзгерту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 8 шілдедегі N 1789 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 28 тамыздағы N 2425 қаулысының күші жойылған деп танылсын.

6. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң  
Президенті